

Болашақ филолог – маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды

«Жұмсалымды грамматика» пәнінің рөлі

Тіл – қоғамдағы тіл қолданышыларының практикалық қатынасының құралы. Тілді жеке тұлға езі үшін ғана қолданбайды, тыңдаушыға езінің ойын білдіру, жеткізу үшін қолданады.

Тіл – конкретті сана болған-дайынан, қоғамдық өмір өзгерісіне сәйкес қазақтың әдеби тілі ретінде үнемі дамып отырады. Сатылап дамудын нәтижесінде әдеби тіліміздегі грамматикалық категориялардың қайсысы болса да дамып, бір жүйеге түсті. Сол грамматикалық категорияларды функционалды-семантикалық аспектідегі тілдік бірліктердің түрлі тіл деңгейі түрғысынан зерттеу қазіргі таңда тіл білімінде, оның ішінде қазақ тіл біліміндегі ең басты әрі маңызды мәселе болып табылады.

Тіл білімінің жаңа қырларының бірі – функционалды грамматика. Қазіргі таңда тілдің толық табиғатын ашу үшін түрлі ғылыми – зерттеу жұмыстары жүргізіліп, лингвистиканың жаңа қырлары жан-жақты зерттеу нысанына айналуда. Тіл білімі теориясында лингвистикалық талдаудың құрылымдық – жүйелік аспекттері – коммуникативті-функционалды аспекттермен бірлікті қарастырылада. Соның ішінде функционалды-семантикалық категорияларды жан-жақты сипаттауға бағытталған, функционалды принципке негізделген тілдік жүйе – функционалды грамматикаға деген қызыгушылық артып келеді.

Тілдік жүйенің функционалдылық механизмін зерттеу қазіргі кезенде

қазақ тіл білімінде ең маңызды мәселелердің бірі болумен қатар функционалды грамматиканың негізін қалауға үлкен асер етуде.

Осы орайда «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» бағытындағы білім беру бағдарламасын жасауда білім алушылардың таңдауы негізінде «Жұмсалымды грамматика» таңдау пәні енгізілді. Білім алушылар осы бағдарламалардың негізінде тұтынушылары болғандықтан,

оларға сапалы білім берумен қатар, олардың қызыгушылығы да басты назарда болады: өзінің ғылыми алеуетін көтеруге қол жеткізу, білімі мен дағдысын жетілдіру, заманау мектеп талабына сай манану мектеп болып ескеріледі.

Білім беру бағдарламасында студенттердің тұлғалық дамуына ықпал ететін, арнайы, кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру маңызды болып табылады. Пәнді оку нәтижесінде білім алушылар жұмсалымды грамматиканың бастау көздері, грамматика теорияларының қалыптасуы, жұмсалымдық және тұлғалық бағыттардың ерекшеліктері, «функция ұғымы», «функционалды – семантикалық еріс» ұғымы, «категориялық жағдаят» ұғымы туралы білімді мәнгереді.

Тіл білімінің зерттеу парадигмалары үақыт өткен сайын ауысып отыратындырын ескеріп сарапайтын болсақ, қазіргі үақытта тілдің функционалдық бағыты – антропоцентристік парадигманың аясында тіл білімінің зерттеу нысанында қарастырылып жүр. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде ең алғаш қазақ тілінде функционалды (жұмсалымды) грамматика туралы айтыв, тілдің құрал екендігін, оның адамға тікелей байланысты екендігін, «тілді – құрал» деп, оның жұмсалымдық қызметтін атап көрсетеді.

Қазіргі функционалды грамматиканың мақсаты – тілдің табиғатын жеке-дара түйікталған шенбер аясында ғана қарастырылмайтындығын анықтап, әр түрлі тілдік құралдар озара әрекеттесе отырып белгілі ұғымның мәнін, мазмұнын, сөз сөйлеу кезіндегі ситуация мен контексттік жағдаяттарымен байланыста анықталатын, сондай-ақ олардың басқа да ұғымдық категориялардың аясында көрінетін мағыналық-мазмұндық сипатын, сондай-ақ тілдік құбыльстың табиғатын толық әрі терең түсінуге жол ашу.

Жұмсалымды грамматиканың негізгі обьектісі «мазмұннан түлғага, түлғадан мазмұнға қа-

рай» тілдік құралдарды зерттейтін бағыт болып табылады. Қоршаған ортада зерттеу мен сипаттауға бағытталған тілдік бірліктер тілдің табиғаты мен зандылықтарымен тығыз байланыста, түрлі тілдік деңгейде ортақ құрылымдық жүйе ретінде, семантикалық функцияларына қарай біріккен грамматика ретінде түсіндіріледі. Үргінштанда функционалды грамматика таза грамматикалық деңгеймен шектеліп қоймайды, ол сөйлеу адресатына сүйене отырып, коммуникативті жағдайға тән негізгі синтаксистік формаларды сонымен қатар коммуникативті құрылымды және басқа да белгілерді де анықтайды. Қорыта келгенде, функционалды грамматиканың негізгі ұғымдарын зерттеп, оның қызметтің жан-жақты зерттеу қазақ тіл білімінде жаңа бет-бұрысқа жол ашады.

Функционалды грамматика курсы қазақ тілінің грамматикалық құрылымындағы ерекшеліктерді таныстырумен басталып, функционалды грамматиканы мәңгеру үшін жалғыз дара құрылымды грамматиканы оку жеткіліксіз екендігін ескеріп, тіл білімінің ір-гелі салалары семантика, прагматикамен тығыз байланыста қарастырады. Аталған пәннің теориялық мазмұнын менгерген болашақ филолог-маман тілдің жағын ғана емес, оның жұмсалымдық ортасын, қолдану зандылықтарын қоса алып қарастырын, оны түлғаның ойлау, шығармашылық ерекшелімен байланыстыра қарастырып жұмсалымды грамматиканы оку нәтижесінде функционалды тәсілдің құрылымды грамматика дағы дәстүрлі жүйеден басты ерекшелігі мен артықшылығын арбір тілдік амал-тәсілдердің болмысын, қолданысын жақын білу сынды мәселелерді толық мәнгергеге лингвист болып қалыптасады.

Қатира ШАКИРОВА
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы